



«Қарлығай» бағамы бойынша
бақшасының мерекесі



Бекітемін

И. Беркінбаева

«Алтын күз» ертеңгілігінің іс – шарасы

К/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Ертеңгіліктің іс – шарасын жасап, бекіту	28.10.2024 ж	Әдіскер А. Мақұлбекова
2	Балаларды ертеңгілікке дайындау	Күнделікті	Топ тәрбиешілері
3	Балаларға күз жайлы тақпақтар мен әндер жаттату	Күнделікті	Топ тәрбиешілері
3	Мұзыка залын мерекеге сай безендіру	31.10.2024 ж	Тәрбиешілер
4	«Алтын күз» ертеңгілігін өткізу	01.11.2024 ж	Тәрбиешілер А.Бегманова С.Шилібекова А.Әбжантпарова

«Қарлығаш» бөбекжай - бақшасы

«Алтын күз»

/ертеңгілік/

Тәрбиешілер: А.Әбжаппарова
А.Бегманова
С.Шилібекова

2024 – 2025 оқу жылы

Ән салыңдар күлiндер,
Жайнап гүлдей жүрiндер.
Күздiң тойын тойлайық,
Би-билейiк ойнайық.

Би: «Жемiстер» (орта топ ұлдары)

Жүргiзушi: Ал, балалар өнерiмiздi көрсетiп, мерекенi тойлайық.

Тақпақтар

Мариям: Берекесiн сыйлауға

Өлкемiзге күз келдi

Жемiстерiн жинауға,

Шақырады бiздердi

Асылай: Мен маржандай шиемiн

Күн сәулесiн сүйемiн

Жемiстерiм пiскенде,

Жерге басымды иемiн

Б. Айсезiм: Дәнiн егiп қиярдың,

Тыным таппай суардым

Түйнектерiн көргенде ,

Бес алғандай қуандым

Балкерiм: Қос батырдай түйiлген,

Тоғыз қабат киiнген.

Аршимын деп пиязды

Жылап шықтым үйiмнен.

Ерниар: Бақшаларда тiзiлiп,

Қаперсiз мен жатамын

Қабат, қабат киiнiп,

Қырық қабат атандым.

Асылым: Өсiретiн бойыңды ,

Дамытатын ойыңды.

Қоянғада азықпын

Сәбiзбiн жазықсыз

Күз ханшайымы: Менiң ойнағым келiп тұр. Балалар менiмен ойнайсындарма? Ойынның аты «Кiм жылдам».

Би «Флешмоб» (ересек топ ұлдары)

Асылзада. Сап-сары маңай,

Сап-сары тоғай.

Соңғы әнiн айтып,

Құс кеттi қайтып.

Сафия. Қамба толды астыққа,

Алғыс саған алтын күз,

Бiр уыс дән шаштықта,

Қап-қап қауын алдық бiз.

Аңсар. Көк майсалы көрiктi,

Алқаптағы көп егiн.

Бұл күндерi киiптi,

Сары жiбек көйлегiн.

Досхан. Жел тынымсыз гүлдеп,

Болып кеттi тым ұзақ.

Шуылдайды тал, терек,

Жапырағын жұлғызып.

Жасмин. Құсттар қайтты ән салып,

Бұлт шарлады аспанды.

- Қыс келеді жар салып,
Күзгі суық басталды.
- Әйбике.** Қарашы күз келді, күз келді,
Жапырақ жауыпты іздерді.
Құс біткен керуен тізеді,
Қара бұлт қабағын түйеді.
- Ақлима.** Айналама жым-жырт,
Көк аспан сұрғылт.
Жер жыртқан тыңда,
Трактор қырда.
- Гүлсана.** Жетті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз.
Жиып теріп болған соң,
Той жасайды халқымыз.
- Бексұлтан.** Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.
- Ағлан.** Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.
- Альтаир.** Күзде дала жаурайды,
Көкте бұлттар аунайды.
Бұтағынан үзіліп,
Жапырақтар саулайды.
- Ақжүрек.** Күзім, күзім, күзімау,
Мінезін қызық ау.
Жаңбырың себелеп,
Келгенін қызық ау.
- Жүргізуші:** Қарсы алайық қол соға, Өнерлі жас қаншама Мың бұралып, билеген
«Қолшатыр» биімен ортада

Би «Қолшатыр» (орта топ қыздары)

Жүргізуші: Күз ханшайымы сізге біздің балалардың өнері ұнадыма?

Күз ханшайымы: Ия өте өнерлі балалар екен. Сау болындар, балалар Келгенше жыл айланып. Осы кезде әуен ойналады, Күз ханшайымы қоштасып кетеді.

Балалар: Қош бол Күз ханшайымы!

Хор : «Күз тамаша» (ересек топ)

Жүргізуші: Күздің кереметі, байлығы өте көп. Күзде біздің дастарханымыз дәнді дақылдаға, көкеністерге, жеміс-жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету керек. Міне осымен «Алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз мерекесімен құттықтаймын, әр отбасыға бақыт-береке тілеймін!


«Алтын күз» атты ертеңгіліктің анықтамасы

2024 жылдың 1 қарашасы күні Созақ ауданының білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасының ересек және ортаңғы топ тәрбиеленушілері «Алтын күз» тақырыбында ертеңгілік өткізді.

Музыка залы ертеңгілікке сай сары түспен безендірілді. Балалар түрлі жемістер мен көкөністердің киімімен шығып, тақпақтар айтты. Сонымен бірге күз мезгіліне әндерін арнады. «Жапырақтар», «Қолшатыр», «Жемістер» билерін биледі. Күз ханшайымы ертеңгілік ажарын ашты. Ол балалармен ойындар ойнап, жеңімпаздарға өз сыйлығын берді.

Ертеңгілік балалардың «Күз тамаша» хорымен аяқталды. Балалардың керемет өнерлері мен көтеріңкі көңіл – күйлері мереке сәнін кіргізді.

Ұсыныс: ертеңгілікке балалар толық қамтылу үшін топтарда жеке өткізу

Әдіскер:  А. Мақұлбекова